

«Келісемін»

Әдіскер

А.А.Утешева

«Бекітемін»

«Балапан» МДҰ

МККК меңгерушісі

Ж.К.Биманбаева



«Айналайын» кіші тобының 2024-2025 оқу жылына

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Музыка жетекшісі: Т.Е.Балтабаева

2024-2025 оқу жылы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Балапан» МДҰ МКҚК

Тобы: «Айналайын» кіші топ

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: тамыз 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	-Музыка тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру; -Бубен, сылдырмақ аспаптарының дыбысталуымен таныстыру; -Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту; -Жекелеген сөздер мен буындарды айту; -Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру, жүгіру дағдыларын қалыптастыру.
Қазан	-Музыканы тыңдауда эмоционалды көңіл-күймен қабылдау; -Бубен, сылдырмақ аспабын үнінен тану, қарапайым ырғақ соғуда қолдану; -Ән айтуда педагогтың дауыс ырғағына еліктеу, қосылып ән айту; -Қарапайым би қимылдарын орындау; қолдың білектерін айналдыру; шапалақтау және аяқты тарсылдату.
Қараша	-Музыка тыңдауда дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу; -Барабан аспабымен және дыбысталуымен танысу; -Ән айтуда педагог сөздерінің созылыққы дыбысталуын а еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту; -Қарапайым би қимылдарын орындау: жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу.
Желтоқсан	-Музыка тыңдауда баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу; -Барабан аспабы мен сылдырмақ, бубен аспаптарының үнін салыстырып тыңдату, үнінен тану; -Ән айтуда әнді жеке және топпен айтуға үйрену; -Қарапайым би қимылдарын орындау; денені оңға, солға ию, қолдарды сермеу.
Қаңтар	-Музыка тыңдауда әннің мағынасын түсіну; қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын ажырата білу; -Барабан аспабын қарапайым ырғақ соғуда қолдану; -Ән айтуда әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу; -Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын музыка ырғағымен ойындарда көрсетуге ойындарда көрсетуге дағдылану (қанатын жайып ұшқан құстар, секірген қояндар, қорбандаған қонжықтар).

Ақпан	-Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, фортепианоның сүйемелдеуімен ән айтуға үйрету, әннің мағынасын түсінуге қалыптастыру; -Сырнай аспабының түрлерімен таныстыру, аспапта ойнаудың қарапайым тәсілдерін көрсету, сырнай аспабын қолданып, ән айтуға үйрету; -Ән айтуда ересектің дауыс интонациясымен аспапқа бейімделе отырып орындауға ынталандыру; -Музыкалық-ырғақты қимылдар арқылы қарапайым ойындар мен әндерді сахналау.
Наурыз	-Музыканы тыңдауда әртүрлі музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру; -Қазақ халқының ұлттық аспабы асатаяқтың дыбысталуымен танысу, үнін тану, қарапайым ырғақ соғуда қолдану; -Ән айтуда әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру; -Музыкалық-ырғақты қимылдарды аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.
Сәуір	-Музыка тыңдауда кейіпкерлерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау; -Таныс аспаптарды ойын әрекетінде қолдану; -Ән айтуда аспаптың сүйемелдеуіне бейімделу, аспапты есту; -Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету дағдыларын дамыту.
Мамыр	-Музыка тыңдауда әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тани білу; -Музыкалық аспаптарды есте сақтау, атау(сылдырмақ, бубен, барабан, асатаяқ, сырнай); -Ән айтуда әннің сөзін, сөз тіркестерін ересекпен бірге орындап, интонациясын еліктеу орындау, аспапқа бейімделуін бекіту; -Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.